

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы
№ 384 бұйрығына
қосымша

**Мектеп психологтарына арналған
"Мектептегі зорлық зомбылық: анықтау, жою, алдын алуда
заманауи психологиялық әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)**

**Бағдарлама авторы:
Бегалиева Н.Ү. -
аға оқытушы, пс.ф.к.**

Алматы, 2024

Мектеп психологтарына арналған
"Мектептегі зорлық зомбылық: анықтау, жою, алдын алуда заманауи
психологиялық әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы біліктілікті арттыру
курстарының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

1. Жалпы ереже

1. "Мектептегі зорлық зомбылық: анықтау, жою, алдын алуда заманауи психологиялық әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) мектептегі психолог мамандарға арналған (80 сағат).

2. Мектеп психологінің зорлық-зомбылықпен жұмыс жасау алгоритмі бойынша психологиялық білімін теориялық-практикалық тұрғысында кеңейтуге бағытталған.

2. Глоссарий

Психологиялық зорлық-зомбылық – балаға назар аудармау, кері итеру, бақылау, баланы қорқытуға, үрей сезімін тудыруға, баланың мінезіне ықпал етуге, оның өзін-өзі құрметтеу, өз бағасын білу сезімін жоюға, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы мен жақсы өмір сүруіне кедергі келтіруге бағытталған қасақана жасалатын вербалды және іс-әрекеттік қимылдар схемасын қамтиды.

Физикалық зорлық-зомбылық – балаға қатысты өзге баланың не ересектің тарапынан физикалық зардапқа не жарақатқа әкелетін, баланың денсаулығына, оның өмірінің ұзақтығына, дамуына, өзін-өзі бағалау сезіміне нұқсан келтіруі мүмкін физикалық күш көрсету арқылы жасалатын әрекеттер.

Бопсалау – балаға зорлық не тән жарақатын салу қаупін қосқанда, қысым жасау не мәжбүрлеу арқылы заңсыз ақша мен мүлік талап ету және алу түрінде көрінетін қылмыс.

Кибербуллинг – баланың қыр соңына түсу, қорқыту, ұялту мақсатында интернетті не басқа технологияларды пайдалану. Дәрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберу; жәбірленушіні онлайн режимінде мазақ ету не жеке басына тән ақпаратты, фотоны не бейнежазбаны орналастыру; басқа баланың қыр соңына түсу не мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб-парақшаны не онлайн режимінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамтиды.

Кемсітушілік – баланың жынысына, ұлтына, ұлыстық мәртебесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне не мүгедектігіне негізделген әділетсіз не бөліп-жару қарым-қатынасы.

Психологиялық жарақат - ұзақ уақыт психологиялық әсері мен салдары (зардабы) бар, ұзақ уақыт эмоционалды күйзелістер тудыратын адамның маңызды бір оқиғаға реакциясы.

Психика саулығы – адам мен сыртқы дүние арасындағы тепе-теңдік жағдайы, оның әлеуметтік ортаға, физикалық, биологиялық және психикалық ықпалдарға қатысты реакциясының сай болуы, жүйкелік реакция күші мен

сыртқы тітіркендіргіштер арасындағы сәйкестігі, адам мен оның айналасындағылар арасындағы үйлесімділік, адамның шынайы объективтілік жайлы пікірінің басқа адамдардың пікірлерімен ұштасуы, өмірдің кез-келген жағдайына сын көзбен қарауы.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модульдер	Тақырыптары
1. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ	1.1. Халықаралық Бала құқықтары туралы конвенциясы және Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңнамасының тұжырымдамалық негізі.
	1.2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңының тұжырымдамалық бағыттары мен мазмұны.
2. БАСҚАРУШЫЛЫҚ	2.1. Психолог мамандарды білім беру ортасындағы зорлық-зомбылықтың түрлерімен таныстыру.
	2.2. Зорлық-зомбылықты диагностикалауда заманауи арттерапевтік-проективті әдістемелер.
	2.3. "Оқушы-оқушы", "Ата-ана-оқушы", "Мұғалім-оқушы" үлгісінде зорлық-зомбылықпен психокор-рекциялық жұмыс жасаудың алгоритмі
	2.4. Буллингке ұшыраған балаларға психологиялық қызмет көрсетуде психотерапиялық техникалардың әлеуеті.
	2.5. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған жәбірленушілердің отбасына, педагогтарға арналған жадынама.
3. МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ	3.1. Мектеп психологінің психологиялық жарақаттармен (баламен, ата-анамен, мұғаліммен) жұмыс жасаудың психологиялық жаңа үлгілері.
	3.2. Экстремалды жағдайларда балаларда пайда болатын стрестік бұзылыстар және онымен жұмыс жасау жолдары.
	3.3. Психологиялық жарақаттық стрестің пайда болу механизмдері.
	3.4. Психологиялық жарақат алғаннан кейінгі реакцияның фазалары бойынша психологиялық қызмет көрсету жолдары.
	3.5. Психологиялық жарақатпен жұмыс жасауда психотерапиялық техникалар.
4. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ	4.1. Мектептегі зорлық зомбылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру бағдарламасын құрастыру.
	4.2. «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбына арналған әлеуметтік ролик (1-3 минуттық) дайындау.
	4.3. Ата-аналарға психологиялық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру.
	4.4. Педагогтарға зорлық-зомбылық жайында психологиялық кеңес беру жұмысын ұйымдастыру.
5. ВАРИАТИВТІК	5.1. Зорлық-зомбылықтың алдын алудың ұлттық бағыттағы моделін құрастыру.
	5.1. Зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін сүйемелдеуші басқа да мамандардың кеңістіктік-ұйымдастырушылық ортасын модельдеу.

	5.2. Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықпен жұмыс жасауда психологиялық қызметті ұйымдас-тыру және жоспарлау.
	5.2. Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу алгоритмін құрастыру және ұсыну.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – білім беру жүйесінде мектептегі зорлық-зомбылықтың диагностикасы мен психопрофилактикасының жұмыс бағытының теориялық-практикалық тұрғысын көрсету және психолог-мамандардың кәсіби біліктілігін дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

1. Психолог мамандарды білім беру ортасындағы зорлық-зомбылықтың түрлерімен таныстыру.

2. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған жәбірленушілермен психолог маманның жұмыс жасау алгоритмі бойынша психологиялық білімін кеңейту.

3. Психолог мамандарға зорлық-зомбылыққа ұшыраған жәбірленушілердің отбасымен жұмыс жасаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін көрсету.

4. Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу шарасы бойынша педагогикалық ұжыммен маманның жұмыс жасау бағытын анықтау.

Күтілетін оқу нәтижелері.

Курс соңында тыңдаушылар:

1. Психолог мамандар "Оқушы-оқушы", "Ата-ана-оқушы", "Мұғалім-оқушы" үлгісінде зорлық-зомбылықтың (отбасылық, денелік, эмоциялық зорлық-зомбылық және т.б.) психопрофилактикасы мен диагностикалаудың және оны психокоррекциялаудың алгоритмін меңгереді.

2. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалармен жұмыс жасауда психологияның заманауи әдіс-тәсілдерін игереді.

3. Психологиялық жарақатпен жұмыс жасаудың (баламен, ата-анамен) алгоритмін үйренеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) басқарушылық;
- 3) мазмұндық-процессуалдық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық. Модульде ұсынылатын дәріс тақырыптары Халықаралық Бала құқықтары туралы конвенциясы, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңы" және "Балалар құқығы туралы конвенциясы", Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің жарлығы, ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы N345 Заңына сәйкес ҚР баланың құқықтары туралы заңнамасымен танысуға мүмкіндік береді.

2-модуль. Басқарушылық. Мектептегі зорлық-зомбылықты анықтау, жою, алдын алу шаралары заманауи тәсілдермен ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылып, психолог мамандарға, әлеуметтік педагогтарға, бала тәрбиесімен айналысатын барлық маман иелеріне арналған әдістемелік нұсқаулар, жадынамалар, дәрістер жинағы, сондай-ақ, буллингке ұшыраған балалармен жұмыс жасауда психокоррекциялық, психотерапиялық жаттығулармен танысады.

3-модуль. Мазмұндық-процессуалдық. Модульді зерделеу барысында курс тыңдаушылары зорлық-зомбылықты анықтау, мәліметтерді өңдеу, әрі қарай арнайы психокоррекциялық бағдарламада психологияның қауіпсіз, таза экологиялық заманауи әдіс-тәсілдерін игереді.

4-модуль. Технологиялық. Тыңдаушылар психологтің кәсіби қызметінде заманауи қашықтан оқыту технологияларын қолдану тәжірибесінде ақпараттық технологиялардың әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қолдану аясын кеңейтеді.

5-модуль. Вариативтік. Тыңдаушылар бұл модульде зорлық-зомбылықтың алдын алудың ұлттық бағыттағы моделін құрастыруды, сүйемелдеуші басқа да мамандардың кеңістіктік-ұйымдастырушылық ортасын модельдеуді, психологиялық қызметті ұйымдастыру және жоспарлауды, және буллингтің алдын алу алгоритмін құрастырып, және оны ата-аналарға, педагогтар ортасына ұсынуды меңгереді.

6. Оқыту процесін ұйымдастыру

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру процесі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс, тәжірибелік сабақ, психодиагностика, психокоррекция, психотерапиялық жаттығулар, бағдарлама құрастыру, тыңдаушының өзіндік жұмысы.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін курс барысында берілген әдіс-тәсілдерді оқушыларға жүргізіп, оның нәтижесін хаттамада көрсетеді және талдап, талқыланады.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Білім беру ұйымдарындағы психолог мамандарға

"Мектептегі зорлық зомбылық: анықтау, жою, алдын алуда заманауи психологиялық әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы күндізгі (қашықтықтан, аралас) оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№ р/ с	Сабақ тақырыбы	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Психодиагностика	Психокоррекция	Психотерапиялық жаттығулар	Бағдарлама құрастыру	Тыңдаушының өзіндік жұмысы	Барлығы
1.	НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	4							4
1.1	Халықаралық Бала құқық-тары туралы конвенциясы және Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңнамасының тұжырымдамалық негізі.	2							2
1.2	Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңының тұжырымдамалық бағыттары мен мазмұны.	2							2
2	БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ	6	6	4	4	4			24
2.1	Психолог мамандарды білім беру ортасындағы зорлық-зомбылық-тың түрлерімен таныстыру.	2							2
2.2	Зорлық-зомбылықты диагностикалауда заманауи арттерапевтік-проективті методикалар		2	4					6
2.3	"Оқушы-оқушы", "Ата-ана-оқушы", "Мұғалім-оқушы" үлгісінде зорлық-зомбылықпен (отбасылық, денелік, эмоциялық зорлық-зомбылық және т.б.) психокоррекциялық жұмыс жасаудың алгоритмі		2		4				6
2.4	Буллингке ұшыраған балаларға психологиялық қызмет көрсетуде психотерапиялық техникалардың әлеуеті.		2			4			6
2.5	Зорлық-зомбылыққа ұшыраған жәбірленушілердің отбасына, педагогтарға арналған жадынама.	4							4
3.	МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ МОДУЛЬ	4	12	2		6			24
3.1	Мектеп психологінің психоло-гиялық жарақаттармен (баламен, ата-анамен, мұғаліммен) жұмыс жасаудың психологиялық жаңа үлгілері.	2	2	2					6
3.2	Экстремалды жағдайларда бала-ларда пайда болатын стрестік бұзылыстар және онымен жұмыс жасау жолдары		4						4
3.3	Психологиялық жарақаттық стрестің пайда болу механизм-дері	2							2

3.4	Психологиялық жарақат алғаннан кейінгі реакцияның фазалары бойынша психологиялық қызмет көрсету жолдары.		6						6
3.5	Психологиялық жарақатпен жұмыс жасауда психотерапиялық техникалар					6			6
4	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ		6	2	2	2	2	6	20
4.1	Мектептегі зорлық зомбылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру бағдарламасын құрастыру.		2	2	2	2	2	2	12
4.2	«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбына арналған әлеуметтік ролик (1-3 минуттық) дайындау.							4	4
4.3	Ата-аналарға психологиялық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру.		2						2
4.4	Педагогтарға зорлық-зомбылық жайында психологиялық кеңес беру жұмысын ұйымдастыру.		2						2
5	ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ		8						8
5.1	Зорлық-зомбылықтың алдын алудың ұлттық бағыттағы моделін құрастыру.		4						4
5.1	Зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін сүйемелдеуші басқа да мамандардың кеңістіктік-ұйым-дастырушылық ортасын модель-деу.								
5.2	Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықпен жұмыс жасауда психологиялық қызметті ұйымдастыру және жоспарлау.		4						4
	Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу алгоритмін құрастыру және ұсыну.								
	БАРЛЫҒЫ	1	32	8	1	12	2	2	80
		4			0				

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін төмендегідей өзіндік жұмысы беріледі:

1. Арттерапевтік-проективтік методикаларды балаларға жүргізу.
2. Әр өткізілген психокоррекциялық, психотерапевтік техникаларды балаларға жүргізеді, қорытындысын хаттамада көрсетеді.
3. «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбына арналған әлеуметтік ролик (1-3 минуттық) дайындайды;

4. Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыбында арнайы бағдарлама құрастырады.

Өзіндік жұмыс келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті (*әрбір критерий бойынша максималды балл - 3*).
Өзіндік жұмыстың ұзақтығы: 5-7 минут).

№	Бағалау критерийлері	Баллдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
I. Арттерапевтік-проективтік методикаларды балаларға жүргізу.						
1	Интерпретациясын шығару.					
2	Диагностика бойынша хаттама толтыру.					
3	Хаттаманың үлгіге сәйкестігі.					
	Қорытынды балл (max – 9 балл)					
II. Әр өткізілген психокоррекциялық, психотерапевтік техникаларды балаларға жүргізу.						
1	Жүргізген психокоррекциялық, психотерапевтік техникалар бойынша хаттама толтыру.					
2	Хаттаманың талапқа сай болуы.					
3	Ұсыныстар беру.					
	Қорытынды балл (max – 9 балл)					
IV. Мектептегі зорлық зомбылықтың алдын алуға арналған арнайы психологиялық бағдарлама құрастыру.						
1	Оқушыларға жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстың мазмұны.					
2	Мұғалімдерге жүргізілетін психологиялық ағартушылық жұмыстың мазмұны.					
3	Ата-аналармен жүргізілетін психологиялық кеңес беру жұмыстарының қамтылуы.					
	Қорытынды балл (max – 9 балл)					
III. «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбына арналған әлеуметтік ролик (1-3 минуттық) дайындау						
1	Идеяның бірегейлігі.					
2	Сюжеттің мазмұны мен мәні және тұтастығы.					
3	Тақырыпты аша алуы.					
	Қорытынды балл (max – 9 балл)					

9. Курстан кейінгі қолдау

1-кезең – куратордың (оқытушының) консультациялар курсы, әртүрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.), Интернет – платформаны қолдана отырып, он-лайн іс-шараларды өткізуі;

2

-
к
е
з
е
ң

3-кезең – куратор (оқытушы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады:

- курс барысында дайындалған «Мектеп психологінің зорлық-зомбылықтың алдын алуда және психологиялық жарақаттармен жұмыс жасау» тақырыбында аймақтық семинарларда сөз сөйлеу (аймақтық, облыстық, республикалық деңгейдегі);

- кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);

- сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыстар және т. б.);

- "Жантану мәселері_Вопросы психологии" республикалық ғылыми-әдістемелік, психологиялық журналының бір нөміріне мектеп психологтары "Мектептегі зорлық зомбылық: диагностикасы мен психопрофилактикасы" тақырыбында түрлі ғылыми-әдістемелік-практикалық баяндамалары тегін жарияланатын болады (авторлық бірлестікте болуы мүмкін).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N345 Заңы - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N214-IV Заңы - [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214 /history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214/_history)

3. ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл <https://bala-ombudsman.kz/kz/ombudsman/convention/>

4. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400>

5. Зиновьева Н.О., Михайлова Н.Ф. Психология и психотерапия насилия. Ребенок в кризисной ситуации. - СПб.: Речь, 2003. -248 с.

6. Насилие в семье: Особенности психологической реабилитации. Учебное пособие / Под ред. Н. М. Платоновой и Ю. П. Платонова. — СПб.: Речь, 2004.- 154с.

7. Козырева В.В., Савинков С.Н. Профилактика семейного насилия: рекомендации психолога. - Казань; 2018. – 91 стр.

8. Малкина-Пых И.Г. Виктимология. Психология поведения жертвы. — (Серия «Учебное пособие»). / И.Г. Пых. - Санкт-Петербург: Питер, 2021. - 832 с.

9. Дерягин Г.Б. Криминальная сексология. Курс лекций для юридических факультетов. – М.: Щит-М., - 2008. – 552 стр.

10. Ван дер Харт О., Нейенхёус Э.Р. С., Стил К. Призраки прошлого: Структурная диссоциация и терапия последствий хронической психической травмы. Пер. с англ. – М.: Когито-Центр, 2013. – 496 с.

11. Намазбаева Ж.Ы. Тұлғаның депрессиялық жағдайының профилактикасы мен психокоррекциясы. Оқу құрал. Алматы. "Ұлағат" баспасы, 2017.

12. Психология здоровья: Учебник для вузов / Под ред. Г.С. Никифорова. – СПб.: Питер, 2006.– 607 л: ил. – (Серия «Учебник для вузов»).

13. Тарабрина Н. В. Практикум по психологии посттравматического стресса. - СПб; Питер, 2001. - с. 64-74.

14. Луковцева З.В. Сексуальное насилие: мифы, факты, современное состояние проблемы // Насилие и социальные изменения. Ч. 1. М.: Центр АННА, 2000.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ниетбаева Г.Б. Диагностика и коррекция психологического здоровья студентов.- Алматы, 2014. - 122 с.

2. Цымбаленко Н. Буллинг. Как остановить травлю ребенка. - Питер, 2019. – 160 стр.

3. Психологическая помощь детям, пережившим насилие. Пособие для психологов. - СПб.: Санкт-Петербургская общественная организация «Врачи детям», 2015. — 60 с.

4. Размахова О.Л., Край А. Домашнее насилие. Так будет не всегда. – М., 2020. – 240 стр.

5. Асанова Н.К. Руководство по предупреждению насилия над детьми: Учебное издание для психологов, детских психиатров, психотерапевтов, студентов педагогических ВУЗОВ. -М.: Изд.гум.центр ВЛАДОС, 1997.-512 с.

6. Никифорова Г.С. Практикум по психологии здоровья.-Питер, 2005.-355с.

7. Секач М.Ф. Психология здоровья: учеб.пособие для высш. шк. - М.: Академ, проект: Гаудеамус, 2005. - 192 с.

8. Шерьязданова Х.Т., Абеуова И.А., Ныгметова К.Н. Психопедагогика здоровья: Уч.пос. – Алматы: ТОО «Типография Комплекс», 2006. - 280 б.

9. Ауталипова У.И. Психолого детско-родительских отношений в конфликте: уч.пос.для студ. и высших и средних уч.завед. - Алматы, 2004. - Вып.1.-141 с.

10. Ю.Дамон Л., Мэнделл Дж. и др. Групповая психотерапевтическая работа с детьми, пережившими насилие / Пер. с англ. М.: Генезис, 1998.

Интернет көздері:

<https://bullying.shkolamoskva.ru/teacher/>

https://vk.com/wall-178926897_250

<http://rooalex.tom.ru/index.php/profilaktika/profilaktika-nasiliya/17-profilaktika>